ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢААРҚА АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БИМЕНДЕ АМАЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ТІРЕК МЕКТЕБІ (РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОПОРНАЯ ШКОЛА (РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР) ИМЕНИ БИМЕНДЕ АМАЛБЕКОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ЖАНААРКИНСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ УЛЫТАУ

БҰЙРЫҚ — ПРИКАЗ

02.09.2024 ж № 133

Жаңаарқа кенті — поселок Жанаарка

**Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы №490 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып)*, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық қағидаларын бекіту туралы» «Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің» ММ- нің 02.09.2024 жылғы №134 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұсынылсын;
2. Төмендегі тізім бойынша 1- 4 сыныптың 315 оқушыларына бір мезгіл тегін тамақ берілсін:
   1 сынып – 81 оқушы
   2 сынып – 79 оқушы
   3 сынып – 72 оқушы
   4 сынып – 83 оқушы

көшірме дұрыс

000304

3. Жалпы оку фондынан әлеуметтік санатына қарай ыстық тамақпен 20 окушы қамтылсын. Тізім қосымшада
4. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды сондай – ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.
5. Мектепте тамақтану сапасына бақылау жасау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын.
6. Мектепте тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурстық «Мектептік тамақтану» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.

Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтжанова А.Х. жүктелсін.

**Негіздеме:** «Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің» ММ- нің 02.09.2024 жылғы №134 бұйрығы

**Мектеп директорының м.а.** **А.Х.Айтжанова**